

## Білім саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 526 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 9 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5965 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 04 шілдедегі № 258 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 04.07.2013 № 258 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Білім саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты бекітілсін.
2. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Р.П. Шер) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі М.Н. Сарыбековке жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Түймебаев

" К е л і с і л д і "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
е ң б е к ж әне х а л ы қ т ы  
ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у м и н и с т р і  
Г. Ә б д і қ а л ы қ о в а

20 қараша 2009 ж.

" К е л і с і л д і "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

23 қараша 2009 ж.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2009 жылғы 18 қарашадағы  
N 526 бұйрығымен бекітілген

## **Білім саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Білім саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты (бұдан әрі — Стандарт) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Стандарт білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік көмек көрсететін субъектілерге (бұдан әрі — әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілер), өмірде қиын жағдайға душар болған балаларға таратылады.

3. Осы Стандартта балаларға олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің негізгі түрлері, оларды ұсынудың көлемі мен шарттары белгіленген.

### **2. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілер**

4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілерге мына ұйымдар жатады:

1) тұратын орнын ұсына отырып, азаматтардың белгілі бір санатының білім алуға, тәрбиеленуге құқығының мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық мекемелер;

девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернаттық мекемелер;

мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған стационарлар;

әртүрлі бейіндегі балалардың сауықтыру орталықтары;

2) азаматтардың белгілі бір санатының білім алуға, тәрбиеленуге құқығының мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ететін күндіз болатын білім беру жүйесінің

ұйымдары:

оңалту орталықтары;

психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері,

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар;  
мектепке дейінгі және мектептік арнаулы ұйымдар; жалпы дамыту және түзеу сипатындағы функцияларды қатар атқаратын мектепке дейінгі және мектептік арналас ұйымдар;

мүмкіндігі шектеулі және қалыпты дамып келе жатқан балаларды бірге тәрбиелеуге арналған мектепке дейінгі және мектептік инклюзивтік ұйымдар; күндіз болатын қызметтер/бөлімдер (бұдан әрі - КБҚ/Б) (күндіз қызмет көрсететін орталықтар, оңалту орталықтары, отбасы мен баланы қолдау қызметтері, ерте араласу, әлеуметтік қатер тобындағы ересек адамдарға арналған орталықтар, кризистік орталықтар).

3) қабылдаушы отбасылар: патронаттық отбасы, асырап алушылар.

Аталған тізбеде арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілердің барлығы қамтылмаған.

### **3. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілетін адамдар санаты**

5. Арнаулы әлеуметтік көмек алатындарға мыналар жатады:

1) жетім балалар – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала;

2) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар - ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған және "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қажет ететін балалар;

3) даму мүмкіндіктері шектеулі балалар — медициналық қорытындымен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала;

4) қадағалаусыз қалған бала – ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ педагогтардың, тәрбиешілердің, психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің және кәметке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті оқыту, тәрбиелеу мекемелері қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы

немесе тиісінше орындамауы салдарынан, не оның үйден немесе бала құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз еркімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған бала;

5) девиантты мінез-құлықты балалар — мектепке бармайтын немесе мектепте мінез-құлқында проблемалары бар, алкогольді, есірткі, психотроптық немесе улағыш заттарды теріс пайдаланатын, құмар ойындарына тәуелді, қылмыстық әрекетке тартылған немесе бейім, психологиялық, дене немесе сексуалды зорлық көрген немесе осындай зорлыққа тап болып отырған және осының салдарынан қоғамдық өмірге қатысуға мүмкіндігі жоқ 18 жасқа дейінгі балалар.

6) әлеуметтік қатер тобындағы отбасы — 18 жасқа дейінгі балаларды өсіріп отырған және ең болмағанда ата-анасының біреуі алкогольді, есірткі, психотроптық немесе улағыш заттарды пайдаланатын, құмар ойындарына тәуелді, әлеуметтік дағдыларының жоқтығынан балаларын тиісті түрде қадағалауды білмейтін немесе қадағалай алмайтын, оларға психологиялық, дене немесе сексуалды зорлық жасайтын, алып отырған мемлекеттік қолдауды отбасының мүддесіне жұмсамайтын, осыған байланысты балалардың дене, ақыл-ой, рухани, адамгершілік дамуына қауіп төнген отбасы.

Әлеуметтік қатер тобындағы отбасыға "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес балаға уақытша қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген отбасылар да жатады.

#### **4. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің негізгі түрлері, көлемі және ұсынылу шарттары**

6. Арнаулы әлеуметтік қызметтер тағайындалуына байланысты төмендегідей б ө л і н е д і :

1) балаларды тұрмыстағы тіршілік әрекетін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

2) баланың жеке жағдайын ескере отырып, денсаулығын қолдауға және жақсартуға бағытталған әлеуметтік-медициналық қызметтер;

3) балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың психологиялық жағдайын түзеуді қарастыратын әлеуметтік-психологиялық қызметтер;

4) дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілеттерін ескере отырып, ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық түзеуге және оқытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтер;

5) балалардың өмір сүру сапасын қолдауға және жақсартуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық қызметтер;

6) балалардың құқықтық мәртебесін қолдауға немесе өзгертуге, заңдық көмек көрсетуге, заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған

әлеуметтік-құқықтық

қызметтер;

## 7. Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер тізбесі:

1) азаматтардың белгілі бір санатының білім алуға, тәрбиеленуге құқығының мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ететін, тұратын орын ұсынатын және/немесе күндіз болатын білім беру жүйесінің ұйымдарында ұсынылатын қызметтер:

әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудегі жеңілдіктер мен басымдықтарды алуға жәрдемдесу;

тұрғын үй алаңын, оның ішінде 1-4-сынып оқушыларына арналған 4-6 орындық және 5-11-сынып оқушыларына арналған 2-4 орындық жатын бөлме бір жататын орынға 4 м x 2 м есебінен, ойын бөлмелерінің ауданы бір оқушыға 2 м x 2 м есебінен болуы тиіс.

қауіпсіз және баланың қажеттілігін қанағаттандыратын ортаны және арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын орынды қамтамасыз ету. Кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету, орынжай ішінде жүріп-тұруға қолайлы болуы, оңалту, медициналық-әлеуметтік, психологиялық-түзеу іс-шараларын өткізу, демалысты және бос уақытты ұйымдастыру мақсатында қызмет көрсетілетін орынжай жылы, желдетілетін және жарық бөлмелермен, сондай-ақ арнайы құралдармен жабдықталуы тиіс.

санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, қауіпсіздік талаптарына, оның ішінде өртке қарсы талаптарға сәйкестігі;

ақыл-ойын, сезімін, рухани және дене бітімін дамытуға ықпал ететін отбасы жағдайына жақындатылған қолайлы жағдай жасау;

баланың қажеттілігін қамтамасыз ететін және жекешелігіне кепілдік беретін ететін гигиенаға арналған орынжайды қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің өзін-өзі кәсіби бағдарлануына және шығармашылық еңбегіне арналған жағдайлар жасау;

оңалту және емдеу шараларын ұйымдастыруға арналған орынжайды, жиһаздарды, арнайы жабдықтарды, емдеу-еңбек және оқу қызметін, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетулерді ұсыну;

"Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысымен (бұдан әрі — қаулы) бекітілген нормалар бойынша 3-қосымшаға сәйкес тамақ, оның ішінде диеталық тамақтарды ұсыну;

2-қосымшаға сәйкес жұмсақ мүкәммал ұсыну (киім-кешек, ішкіімдер мен төсектік керек-жарақтар);

балаларды емдеуге, оқуға, мәдени іс-шараларға қатысуға апару кезінде көлік ұсыну;

баланың қажеттіліктеріне сәйкес келетін салауатты және қауіпсіз ортаны

ұйымдастыру және ұсыну;

күнделікті тұрмыстағы, оның ішінде төсектен тұру, төсекке жату, киіну, шешіну, тамақ ішу сияқты іс-әрекеттерді орындауға қабілетсіз балаларға күтім жасау және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету және осы іс-әрекеттерге үйрету;

балаларды азаматтардың отбасыларына патронаттық тәрбиелеуге (шартқа сәйкес), қонақ отбасыларына (каникул, демалыс немесе жұмыс күні емес мейрам күндері) уақытша беруді жүзеге асыру;

аз қамтылған балаларды қажетті киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз ету;

баланы патронатқа, қонақ отбасына анықтау үшін отбасыларын іріктеу.

Отбасында болу мерзімін анықтау кезінде баланың пікірі ескеріледі;

қажет болған жағдайда (алыс жерде тұруы, кезекші болуы, туыстарының іссапарда болуы) күндіз болатын ұйымдарда баланың бес күндік режимде болуына рұқсат етіледі. Аталған қызмет мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың құнына кірмейді;

2-қосымшаға сәйкес күндіз болатын ұйымдар үшін жұмсақ мүкәммал ұсыну (төсек жабдықтары);

қабылдаушы отбасылардың өмір сүру жағдайларына зерттеу жүргізу, олардың жеке ерекшеліктерін, тұрмыс салты мен әдет-ғұрыптарын, отбасындағы жеке тұлғалық қарым-қатынасын зерделеу, барлық отбасы мүшелерінің балалардың негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға дайындығын бағалау және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жоспарын іске асыру, қабылдаушы отбасылардың өмір сүру жағдайын тексеру актісінде (бұдан әрі – тексеру актісі) көрсету;

балаларға сапалы әлеуметтік қызмет көрсету үшін қажетті білікті қызметкерлермен және құрылыммен қамтамасыз ету;

2) отбасы жағдайында:

бір отбасының мүшесіне және тәрбиелеушіге берілетін тұрғын жайдың жалпы алаңы кемінде 15 шаршы метрді құрайды;

баланың білім алуы үшін қажетті жағдай жасау, оның денсаулығына, физикалық, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық көрсету;

3-қосымшаға сәйкес диеталық тамақтануды қоса, тамақтануды ұсыну;

2-қосымшаға сәйкес жұмсақ мүкәммал ұсыну (киім, аяқ киім, ішкіім және төсек жабдықтары);

8. Мыналар:

1) азаматтардың белгілі санаттарының білім алу, тұратын орын мен күндіз болуларымен қоса тәрбие алу құқықтарына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында көрсетілетін әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету тізбесі:

әлеуметтік-медициналық қызметтерді алуға көмек көрсету;  
медициналық-әлеуметтік тексеріс жүргізу;  
алғашқы медициналық тексеруді және алғашқы санитарлық тазалауды  
ж ү р г і з у ;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;  
тегін медициналық көмектің кепілдендірілген мөлшерін көрсетуге  
ж ә р д е м д е с у ;

емдейтін дәрігердің дәрі белгілеуіне сәйкес медициналық қызмет көрсетуге  
лицензия болған жағдайда медициналық процедуралар жүргізу;  
денсаулық жағдайын бақылау (дене температурасын өлшеу);  
емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;  
ауруханаға жатқызуды жедел ұйымдастыру және денсаулық сақтау ұйымына  
б а л а л а р д ы ж е т к і з і п т ұ р у ;  
сәбиді (баланы) күтіп-бағуды, медициналық ұсыныстар мен сәбидің (баланың  
) денсаулық жағдайына сәйкес маман дәрігерлерге жүйелі түрде көрсетіп,  
емдеуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

консультативтік көмек көрсету (білікті маман жоқ болған жағдайда  
денсаулық сақтау ұйымынан міндетті түрде маман шақыру);  
үйдегі жағдайда оңалту іс-шараларын өткізу үшін отбасы мүшелерін  
медициналық-психологиялық және әлеуметтік-медициналық білім негіздеріне  
о т б а с ы м ү ш е л е р і н о қ ы т у ;

төтенше жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету;  
профилактикалық іс-шаралар өткізу;  
тірек қозғалыс қабілеттерінде ауытқушылықтары бар балаларды оңалту;

2) о т б а с ы ж а ғ д а й ы н д а :  
сәбиді (баланы) күтіп-бағуды, медициналық ұсынымдар мен сәбидің (баланың)  
денсаулық жағдайына сәйкес маман дәрігерлерге жүйелі түрде көрсетіп,  
емдеуді қ а м т а м а с ы з е т у ;  
жүйелі медициналық тексеруді қамтамасыз ету;  
емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;  
оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес әлеуметтік-медициналық  
сипаттағы оңалту іс-шараларын өткізу;  
күтіп-бағуды, оның ішінде балалардың жағдайын ескере отырып  
санитарлық-гигиеналық қызметтер көрсету.

9. Әлеуметтік-психологиялық қызметтер көрсетудің тізбесі:

1) азаматтардың белгілі санаттарының, тұратын орнын ұсынумен және/  
немесе күндіз болуларымен қоса білім, тәрбие алу құқықтарына мемлекеттік  
кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында көрсетілетін  
әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету тізбесі:

баланы психологиялық диагностикадан өткізу және психологиялық түзеу;  
бала мен ата-ана қарым-қатынасын психологиялық диагностикадан өткізу  
және психологиялық түзеу;  
психологиялық терапевтік көмек көрсету;  
балаға арнайы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі жеке жоспардың  
қажеттіліктерін бағалау негізінде құрастыру;  
психологиялық тренингтер өткізу;  
баланың денсаулық жағдайына, интеллектуалдық және әлеуметтік деңгейіне  
сәйкес түзету сабақтарын жоспарлау және іске асыру;  
психологиялық көмек көрсету, оның ішінде әңгімелесу, сөйлесу, тыңдау;  
бала мен қызметкер арасында өзара құрмет пен сенімге негізделген  
эмоционалдық ортаны қамтамасыз ету;  
психологиялық тұрғыдан сүйемелдеу;  
мекемеден тыс жерде кең әлеуметтік ортаға тәрбиленушілерді табысты  
бейімдеу үшін жағдай жасау;  
оқыту, әңгімелесу, жеке дамыту процесінде әлеуметтік-психологиялық білім  
беру және белсенді пайдалану үшін жағдай жасау;  
күйзеліс, дау-жанжал жағдайындағы балаларға психологиялық көмек көрсету  
және қолдау жасау;  
әлеуметтік-психологиялық және психологиялық кеңес беру (балаларға оқуда,  
әңгімелесуде немесе психикалық көңіл-күйлері нашар кезде көмек көрсету);  
психологиялық тренингтер (күйзеліс, дау-жанжал жағдайындағы балаларға  
психологиялық көмек көрсету және қолдау жасау);  
ата-аналарды психологиялық ағарту;  
баланы отбасымен қайта қосу үшін баланың туған отбасымен және ұйымдағы  
баламен жүргізілетін алдын-алу және оңалту жұмыстары;  
бала үшін отбасын сақтау мақсатында қатер тобындағы тұрмысы қолайсыз  
отбасылармен жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық оңалту және алдын алу  
жұмыстары;  
баланың қажеттілігіне, өмір сүру жағдайына және бастапқы әлеуметтік  
ортасына сәйкес оны отбасына орналастырудың ең жақсы түрін ұйымдастыру;  
қолайсыз отбасында тұратын мемлекеттің қорғауына мұқтаж балалармен  
жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық, оңалту және алдын алу жұмыстары;  
баланы жеке өмір сүруге дайындауда баланың даму мониторингін жүзеге  
асыру;  
әлеуметтенуде қиындық көріп жүрген интернаттық мекемелердің  
бітірушілеріне әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;  
тәрбиеленушілерді отбасыларына тәрбиелеуге орналастыру, оларды  
психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық алып жүру;



2) отбасы жағдайында :  
психологиялық алып жүру ;  
тәрбиеленушілерді кең әлеуметтік ортаға табысты бейімдеу үшін жағдай  
ж а с а у ;

оқыту, әңгімелесу, жеке дамыту процесінде әлеуметтік-психологиялық білім  
беру және белсенді пайдалану үшін жағдай жасау;  
психологиялық көмек көрсету, оның ішінде әңгімелесу, сөйлесу, тыңдау.

10. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет көрсету тізбесі:

1) азаматтардың белгілі санаттарының, тұратын орнын ұсынумен және/  
немесе күндіз болуларымен қоса білім, тәрбие алу құқықтарына мемлекеттік  
кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында көрсетілетін  
әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету тізбесі:

әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру;

педагогикалық түзету ;

отбасылық орналасу нысаны және баланы отбасына тәрбиелеуге алу туралы  
жұртшылықты хабардар ету, арнайы акциялар мен іс-шаралар ұйымдастыру;

балалардың қызығушылықтарын дамыту үшін клубтық, үйірме жұмыстарын  
ұ й ы м д а с т ы р у және ө т к і з у ;

ұйымдағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыру, олардың  
қоғамға әлеуметтену, бейімделу және бірігуіне жәрдемдесу;

балалардың дене мүмкіндіктері мен ойлау қабілеттерін ескере отырып  
олардың білім алуларына жәрдем жасау;

баланы отбасына (патронаттық тәрбиелеуге, бала асырап алу) қабылдау  
процесін кәсіби тұрғыдан дайындауды және жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

қабылдаушы отбасыларына (қонақ отбасылары, патронат тәрбиешілер, бала (   
қыз бала) асырап алушылар) көмек көрсету, кеңес беру (оқыту, әңгімелесу,  
т р е н и н г т е р ) ;

1-қосымшаға сәйкес балалар үйлері мен интернаттық мекемелердің  
қызметкерлерін хабардар етіп отыру, оқыту және уәждеу;

ұйымдар қызметкерлерін хабардар етіп отыру, уәждеу (1-қосымша);

мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуына көмек көрсету;

мүгедек балаларды, мүмкіндіктері шектеулі балаларды үйде оқыту;

2) отбасы жағдайында :

қабылдаушы балаларды тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру;  
олардың қоғамға әлеуметтенуіне, бейімделуіне және бірігуіне жәрдемдесу;

дене мүмкіндіктері мен ақыл-ой мүмкіндіктерін ескере отырып балалардың  
білім алуына жәрдем көрсету ;

білім беру мекемесіне асырап алынған баланың (балалардың) баруын және  
оның үлгеріміне бақылауды қамтамасыз ету. Баланың (балалардың) денсаулық

жағдайына байланысты білім беру мекемесіне бару мүмкіндігі болмаған жағдайда "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес баланың білім алуын қамтамасыз ету;

балалардың кәсіптік білім алуы үшін жағдайлар жасауға жәрдем көрсету.

11. Әлеуметтік-экономикалық қызметтердің тізбесі: азаматтардың белгілі санаттарының, тұратын орнын ұсынумен және/немесе күндіз болуларымен қоса білім, тәрбие алу құқықтарына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында көрсетілетін әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету тізбесі:

тиісті жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттер мен зейнетақыларды алуды қамтамасыз ету:

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға жәрдемдесу;

өзін-өзі қамтамасыз ету, отбасылық кәсіпкерлік мәселелері және мүмкіндіктері шектеулі балалары бар отбасылардың материалдық жағдайларын жақсартудың басқа да мәселелері бойынша консультация беру;

мониторингті жүзеге асыру және қорғаншылықтан (қамқоршылықтан) шығу процесін жоспарлау мен іске асыруға қолдау көрсету.

12. Әлеуметтік-құқықтық қызметтердің тізбесі: балалардың белгілі санаттарының, тұратын орнын ұсынумен және/немесе күндіз болуларымен қоса білім, тәрбие алу құқықтарына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында көрсетілетін әлеуметтік-медициналық қызмет көрсету тізбесі:

балалардың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторда арнаулы әлеуметтік қызметтерді алу құқығымен және өздерінің мүддесін қорғаумен байланысты мәселелер бойынша консультация беру;

арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын, балалардың, олардың ата-аналарының заңды құқығын бұзатын немесе қысым көрсететін ұйымдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне өтініш дайындауға және беруге көмек көрсету;

құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету;

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жеңілдіктер мен басымдықтарды, әлеуметтік төлемдерді алуға заңды көмек көрсету және жәрдемдесу;

сенімхат бойынша жәрдемақылар, өтемақылар, алименттер мен жәрдемақыларды алу;

кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін соттағы өкілдерді қамтамасыз ету;

жетім балаларды мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды азаматтарға асырап алынуға, патронатқа, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) беруде құжаттарды ресімдеуге заңдық көмек көрсету; отбасында балаларға немесе олардың отбасы мүшелеріне физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық көрсеткен кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға жәрдем көрсету; балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті органдарына әлеуметтік оңалтуға, қабылдаушы отбасына, патронаттық тәрбиелеуге, қамқоршылыққа мұқтаж кәмелетке толмағандарды орналастыруға жәрдем көрсету; кәмелетке толмағандардың ісі және балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау ісі жөніндегі комиссияға балаларды тәрбиелеуден жалтарған ата-аналар бойынша ұсынымдама ресімдеу; жұмысқа орналасу, төлқұжат пен заңды күші бар басқа да құжаттарды алу үшін құжаттарды ресімдеуге заңды көмек көрсетуге жәрдемдесу.

Білім саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 1-қосымша

## 1. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы түзеу ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілер топтарына қарай штаттық бірліктер саны			
	8-ге дейін	9-14	15-30	31 және одан да көп
Директор	1	1	1	1
Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	1	-	-	-
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	-	1	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	-	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1	1
Педагог-психолог	1	1	1,5	2
Аға вожатый	1	1	1	1
Дәрігер	1	1	1	1
Тәулік бойы кезекшілік ететін медбике	4	4	4	4
Кіші медициналық персонал	0,5	0,5	0,5	1

Бас бухгалтер	1	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1	1
Іс қағаздарын жүргізуші (хатшы)	-	1	1	1
Кітапхана меңгерушісі	-	1	1	1
Кітапханашы	0,5	-	-	-
Қоймашы	1	1	1	1
Кастелянша	1	1	1	1
Экспедитор	1	1	1	1
Бас аспаз	-	1	1	1
Аспаз	2	2	2	2
Асхана жұмысшысы	1	1	2	3
Кір жуу машиналарының операторы	1	2	3	3
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	2	2
Күзетші	3	3	3	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1	1
Жүк тасушы	1	1	1	2

### **Е с к е р т п е л е р :**

1. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерге арналған түзеу ұйымдарында тәрбиешілердің саны тәрбиеленушілердің әр тобына 2 штат бірлігі е с е б і н е н б е л г і л е н е д і .

2. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ жексенбі және мереке күндері осы ұйымда қалатын балалар бар арнаулы түзеу ұйымдарында қосымша мынадай лауазымдар белгіленеді: осындай әрбір 25 балаға, бірақ әр ұйымға 0,25 бірліктен кем болмайтын тәрбиеші лауазымының 0,25 штат бірлігі; ұйымда кемінде осындай 25 бала болған кезде аспаз лауазымының 0,5 штат бірлігі б е л г і л е н е д і .

3. Жүріп-тұру мүшелері мен сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы түзеу ұйымдарында 12-15 балаға 1 штат бірлігі есебінен, кемтарлығы күрделі балаларға арналған балалар саны 6-дан аспайтын топтарға бір штат бірлігі есебінен логопед мұғалім және дефектолог мұғалім лауазымдары б е л г і л е н е д і .

4. Бір немесе бірнеше мектепке дейінгі топтары бар арнаулы түзеу ұйымдарында әрбір топқа мынадай лауазымдар белгіленеді: тәрбиеші - 2 штат бірлігі; естімейтін, нашар еститін, кейін саңырау болған балаларға, зағип және нашар көретін, ойлау қабілеті нашар балаларға арналған топтар үшін дефектолог мұғалім 1 штат бірлігі.

5. Арнаулы түзеу ұйымдарының көру қабілеті бұзылған, жүріп-тұру мүшелері бұзылған мектепке дейінгі балалар топтарында 2 штат бірлігі есебінен тәрбиеші көмекшісінің штат лауазымы, сөйлеу қабілеті өте нашар әрбір 10 балаға және фонетикалық сөйлеу қатары бұзылған әрбір 12 балаға логопед-мұғалім лауазымының штат бірлігі белгіленеді. Егер мектепке дейінгі топтардың жатын бөлмелері қатар орналасса, әрбір 2 топқа 2,5 штат бірлігі есебінен тәрбиешінің көмекшісі, 0,5 штат бірлігі есебінен кір жуу машинисі лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

6. Арнаулы түзеу ұйымдарында екі немесе одан да көп мектепке дейінгі топтар болған кезде 0,5 бірліктен аспаз және көмекші жұмысшы лауазымдарының штат бірліктері қосымша белгіленеді.

7. Көру қабілеті бұзылған балаларға, жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арнаулы 4-тен 9-ға дейін топтары бар түзеу ұйымдарында көмекші жұмысшы лауазымының 1 штат бірлігі, ал 9 және одан да көп топтар болған кезде 2 штат бірлігі қосымша белгіленеді.

8. Жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арналған арнаулы түзеу ұйымдарында: осы ұйымдарда саны 100-ге дейін тәрбиеленушісі болса 0,5 штат бірлігі және саны 100-ден асатын тәрбиеленуші болса - 1 штат бірлігі ортопедиялық аппараттарды жөндеу жөніндегі техник лауазымының штат бірлігі белгіленеді.

9. Арнаулы түзеу ұйымдарында көру қабілеті бұзылған балалардың бедерлі қаріптермен жазылған оқулықтары мен әдеби оқулықтарын пайдаланатын саны 4-5 топ болса, кітапханашы лауазымының 0,5 штат бірлігі белгіленеді.

10. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы түзеу ұйымдарында дыбысты күшейту аппаратына қызмет көрсету жөніндегі техник лауазымы 3-8 сынып болған кезде 1 штат бірлігі, осындай 9-16 сынып болса - 1,5 штат бірлігі белгіленеді. Сыныптардың санында дыбысты күшейту аппаратурасы орнатылған мектепке дейінгі топтар да есепке алынады.

11. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы түзеу ұйымдарында есту кабинетінің дефектолог мұғалімі лауазымының 1 штат бірлігі белгіленеді.

12. Тәрбиешінің көмекшісі лауазымы әрбір жатын корпусына 2 штат бірлігі есебінен енгізіледі, егер жатын корпусына 100-ден аса тәрбиеленуші орналастырылса, жатын корпусының әрбір қабатына 2 штат бірлігі енгізіледі.

13. Арнаулы түзеу ұйымында жатын корпусынан тыс орналасқан изолятор болған жағдайда, қосымша тәрбиешінің көмекшісі лауазымының 2 штат бірлігі қосымша енгізіледі.

14. Жуылатын бұйымдардың бір бөлігі кір жуатын орындарға тапсырылатын жағдайда 15-ке дейін топ саны бар арнаулы түзеу ұйымдарында кір жуу машиналары операторы лауазымының бір штат бірлігі, ал 15 және одан да аса

топтары болса - 2 лауазымдық штат бірлігі белгіленеді.

15. Жүріп-тұру мүшелері бұзылған балаларға арналған түзеу ұйымдарында әрбір топқа массаж жасаушы медбике лауазымының 0,5 штат бірлігі белгіленеді.

16. 150-ден астам тәрбиеленушісі бар арнаулы түзеу ұйымдарында психиатр-дәрігер лауазымының 1 штат бірлігі қосымша енгізіледі.

## **2. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар қызметкерлерінің үлгі штаттары**

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілер топтарының санына қарай штат бірліктерінің саны		
	5 топқа дейін	5-9 топтар	10 және одан да көп топтар
Директор	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	0,5	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Әдіскер	0,5	1	1
Педагог-психолог	1	1	1
Әлеуметтік педагог	1	1	1
Бас бухгалтер	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1
Кадрлар мәселелері жөніндегі инспектор	-	0,5	1
Хатшы	1	1	1
Дәрігер-педиатр	1	1	1
Тәулік бойы кезекшілік ететін медбике	4	4	4
Кіші медициналық персонал	0,5	0,5	1
Кітапхана меңгерушісі	-	-	1
Кітапханашы	1	1	-
Қоймашы	1	1	1
Кастелянша	1	1	1
Киім-кешек пен ішкіімді жөндейтін тігінші	1	1	1
Экспедитор	0,5	1	1
Бас аспаз	1	1	1
Аспаз	2	4	4
Асхана жұмысшысы	3	3	3
Ыдыс жуушы	1	2	3
Кір жуу машиналарының операторы	1	2	3
Аяқ киімші	1	1	1

Шаштараз	1	1	1
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	2	2
Күзетші	3	3	3
Жүк тасушы	1	1	1
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1

### **Е с к е р т п е л е р :**

1. Балалық шақ үйлерінде қосымша невропатолог дәрігері, физиокабинет медбикесі, патронаждық бикесі, емдәмбикесі, аға медбике, емдік дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы, массаж жасаушы, сондай-ақ қажет болған жағдайда медбике лауазымының штат бірліктері қосымша енгізіледі.

2. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тіс дәрігері, физиотерапия жөніндегі медбике және емдік дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы лауазымдары 150-ге дейін тәрбиеленушілер болған жағдайда 0,5 штат бірлігі және 150 және одан астам тәрбиеленуші болған жағдайда 1 штат бірлігі есебінен белгіленеді.

3. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиешілер лауазымдары штат бірліктерінің саны ( мектепке дейінгі жастағы балалар топтарында тәрбиешілердің көмекшілері лауазымдарының штат бірліктері қосымша белгіленеді) тәрбиеленушілердің әрбір тобына (отбасына) тәрбиешілердің түнгі уақыттағы кезекшілігін, демалыс, мереке кезеңіндегі ауыстыруды, сондай-ақ апталық жүктемені және ұйымдағы жұмыс режимін ескере отырып белгіленеді.

4. Аталған ұйымдарда есту, сөйлеу, көру, ойлау қабілеттері бұзылған балалар (көру қабілеті нашарлаған балалардан басқа) болған кезде дефектолог мұғалім лауазымы есту, сөйлеу, көру, ойлау қабілеті бұзылған балалардың әрбір тобына, логопед мұғалім лауазымы сөйлеу қабілеті өте нашар (алалия, дизартия, ринология, афазия, тұтығу) 12 баладан тұратын әрбір топқа немесе фонетикалық сөйлеу құрылымы бұзылған 15 баладан тұратын әрбір топқа штат бірлігі белгіленеді.

5. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда үйірмелік, еңбек, спорт және емдеу іс-шаралары өткізілуіне қарай музыка жетекшісі, қосымша білім беру педагогы, сондай-ақ дене шынықтыру мен еңбекке баулу жөніндегі нұсқаушы лауазымдарының штат бірліктері белгіленеді.

6. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда жер учаскесі мен қосалқы шаруашылығы болған кезде бейін бойынша мамандардың штат бірліктері (агроном, зоотехник және мал дәрігері) қосымша енгізіледі.

7. Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың жанында жалпы білім беретін мектеп, балалар үйінен шеткері орналасқан өзінің демалыс аймағы болған жағдайда қосымша штат бірліктері тиісті білім беру ұйымдарының үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

### **3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсететін арнаулы ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары**

Лауазымдардың атауы	Штат бірліктерінің саны
Басшы	1
Психиатр-дәрігер	1
Невропатолог-дәрігер	1
Сурдолог-дәрігер	1
Офтальмолог-дәрігер	1
Педагог-психолог	1
Логопед-мұғалім	1
Дефектолог-мұғалім	1
Сурдопедагог	1
Тифлопедагог	1
Медициналық статист	1
Бухгалтер	1

#### **Е с к е р т п е :**

1. Медицина саласының басқа мамандары кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау арнаулы ұйымдарына жұмысқа 0,5 ставка немесе еңбекке сағаттық ақы төлеу шартымен тартылады.

### **4. Арнайы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары**

Лауазымдардың атауы	Тәрбиеленушілердің топтар санына қарай штат бірліктерінің саны		
	10-ға дейін	10-15	16 және одан да көп
Директор	1	1	1
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	1	1	1
Директордың режим бойынша орынбасары			
Педагог-психолог	1	1	1
Әлеуметтік педагог	1	1	1



Музыка қызметшісі	1	1	1
Ұйымдастырушы педагог	1	1	1
Спорт нұсқаушысы	1	1	1
Бейнелеу өнері үйірмесінің басшысы	1	1	1
Режим бойынша кезекші	3	3	3
Тәрбиешілер	2	3	3
Дәрігер-педиатр	1	1	1
Тіс дәрігері			
Тәулік бойы кезекшілік ететін медбике	1	1	1
Аға вожатый	1	1	1
Дәрігер	1	1	1
Тәулік бойы кезекшілік ететін медбике	4	4	4
Кіші медициналық персонал	1	1	1
Кітапхана меңгерушісі	1	1	1
Кітапханашы	1	1	1
Бас бухгалтер	1	1	1
Бухгалтер	1	1	1
Іс қағаздарын жүргізуші	0,5	0,5	0,5
Хатшы	1	2	2
Кадрлар мәселелері жөніндегі инспектор	1	1	1
Балалардың құқықтарын қорғау заңгері	1	1	1
Бас аспаз	1	1	1
Аспаз	1	1	2
Асхана жұмысшысы	1	2	2
Ыдыс жуушы	1	1	2
Диетолог	0,5	0,5	0,5
Қоймашы	1	1	1
Кастелянша	1	1	1
Экспедитор	1	1	1
Аяқ киімші	1	1	1
Киім мен ішкіімді жөндейтін тігінші	1	1	1
Кір жуу машиналарының операторы	2	2	2
Ғимараттарға кешенді қызмет көрсететін және жөндейтін жұмысшы (әрбір ғимаратқа)	1	1	2
Күзетші	3	3	3
Вахтер, әр ғимаратқа	1	1	1
Жүкші	1	1	1
Электр маманы	1	1	1
Жүргізуші	1	1	1
Шаштаразшы	1	1	1
Қызметтік бөлмелерді тазалаушы	1	1	5

Әжетханаларды тазалаушы	1	1	1
Темір ұстасы-санитарлық техник	1	1	1
Дәнекерлеуші	1	1	1

### Ескертпелер:

1. Бас кезекшілер мен режим бойынша кезекшілердің саны оқушылар санының 10 пайыз есебінен белгіленеді.

Бас тәрбиеші лауазымы әрбір төрт сыныпқа (тәрбиелеу топтарына) белгіленеді.

Еңбек шеберінің немесе өндірістік оқыту шеберінің жоғары немесе орта кәсіптік білімі және тиісті кәсібі бойынша жұмыс тәжірибесі болуы қажет.

Еңбек шеберінің немесе өндірістік оқыту шеберінің штаттық бірлігі балалардың жас шамасы мен дене дамуын ескере отырып, 2-ден 4 сағатқа дейінгі шекте 8-10 оқушыдан тұратын сынып комплектісіне бір бірлік есебінен есебінен белгіленеді.

20 және одан көп жұмыс істеп тұрған жабдықтар (станоктар, машиналар, автомобильдер, тракторлар және комбайндар) болған кезде механик лауазымының штат бірлігі енгізіледі.

Тәрбиешілер лауазымы бірлігінің штаттық саны түнгі кездегі кезекшілікті, демалыс, мереке күндері және еңбек демалысы кезеңінде, сондай-ақ апталық жүктемені және арнайы білім беру ұйымындағы жұмыс режимін ескере отырып, тәрбиешілер тобының әрбіріне бекітіледі.

Штат бірліктерін белгілеген кезде оқу жылының 1 қаңтарындағы оқушылардың тізімдік құрамдағы саны негізге алынады.

Білім саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына 2-қосымша

**Мемлекеттік білім беру ұйымдарында (түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) тәрбиеленетін және білім алатын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы азаматтарды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары**

Атауы	Өлшем бірлігі	Мектеп жасындағы бір тәрбиеленушіге		Мектеп жасына дейінгі бір тәрбиеленушіге	
		Саны	Киілу мерзімі	Саны	Киілу мерзімі
1	2	3	4	5	6
Киім-кешек					
Қысқы пальто, тон	дана	1	2	1	2

Маусымдық пальто, күрте	"	1	2	1	2
Мектеп киімі	жинақ	1	1	-	-
Ер балалардың мақта-матадан тігілген ақ көйлектері	дана	2	2	-	-
Спорттық киім және кедалар	жинақ	1	1	-	-
Ер балалар костюмі	"	3	2	3	1
Қыз балалардың көйлектері (белдемелер, жейделер)	дана	3	2	3	1
Қыз балалардың үйде киетін халаттары	штук	2	2	2	2
Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері	"	3	1	3	1
Жүннен тоқылған мерекелік көйлектер	"	2	1	2	1
Жүннен тоқылған мерекелік костюм	жинақ	1	1	1	1
Жүннен тоқылған свитерлер (жемпірлер)	дана	1	2	2	2
Жазғы мерекелік көйлектер	"	2	1	2	1
Қыз балалардың бүрмелі іш киімі (гамаждар)	"	2	1	2	1
Жазғы бас киім	"	1	1	1	1
Қысқы бас киім	"	1	2	1	2
Күзгі-көктемгі бас киім	"	1	2	1	2
Іш киім	жинақ	2	1	5	2
Қол орамалдар	дана	4	1	4	1
Ер балалар шалбарының белбеуі	"	1	1	-	-
Жартылай жүнді шарф	"	1	2	1	2
Қолғап (биялай)	жұп	2	1	3	2
Қыз балалардың бюстгальтерлері	дана	3	1	-	-
Майкалар, трусилер	"	3	1	3	1
Мақта-матадан тоқылған колготкилер, шұлық, гольфтар	жұп	3	1	6	1
Жүннен тоқылған колготки, шұлық, гольфтар	"	2	1	2	1
Бәтеңкелер, туфлилер (сандалдар)	"	3	1	3	1
Кроссовкалар	"	1	1	1	1
Үйде киетін аяқ киім	"	2	1	3	1
Етіктер, бәтеңкелер (қысқы)	"	1	1	1	1
РеЗеңке етіктер	"	1	2	1	1
Спорттық бас киім	"	1	2	1	2
Түнде киетін көйлек, пижамалар	"	2	1	2	1
Колготкилер	"	5	1	6	1
Алжапқыштар (көкірекшелер)	"	2	1		
Құмда жату, шомылу, малту іш киімдері	"	1	1	1	1
Жұмыс киімі	жинақ	1	2	1	2

Портфельдер, сөмкелер	дана	2	2	-	-
Шамадан	"	1	5	1	5
Жұмсақ мұкамал					
Ақ жайма	дана	3	2	5	2
Көрпе тысы	"	2	3	3	3
Жастықтың тысы (ішкі)	"	1	4	1	4
Жастықтың тысы (сыртқы)	"	3	2	3	2
Мақта-матадан жасалған вафельді сүлгі	дана	3	2	3	2
Түкті сүлгі	"	3	3	3	2
Жүннен немесе мақтадан жасалған көрпе	"	1	6	1	6
Бәйкі көрпе	"	1	4	1	4
Матрац	"	1	4	1	3
Мамық қауырсынды жастық	"	1	8	1	8
Төсек жапқыш	"	1	6	1	6
Кереует алдындағы кілемше	"	4	1	1	4

### Е с к е р т п е :

Білім беру ұйымдарының басшыларына сән мен тәрбиеленушілердің мүдделерін ескере отырып, осы тізбеге жекелеген өзгерістер енгізу құқығы беріледі.

**Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардан басқа) мүгедек балаларды және мінез-құлқы ауытқымалы балаларды, көп балалы отбасынан шыққан балаларды арнаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларын және қорғаншылықтағы (қамқорлықтағы) және патронаттағы, интернат ұйымдарында тәрбиеленетін балаларды киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мұкамалмен қамтамасыз ету нормалары**

Атауы	Өлшем бірлігі	Бір тәрбиеленушіге	
		Саны	Киілу мерзімі
1	2	3	4
Киім-кешек			
Қысқы пальто	дана	1	3
Маусымдық пальто, күрте	"	1	3
Мектеп киімі	жиынтық	1	2
Ер балалардың мақта-матадан тігілген костюмі	"	1	2
Қыз балалардың мақта-матадан тігілген көйлектері (белдемелер, жейделер)	дана	4	3

Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері	"	4	2
Жүннен тоқылған свитер (жемпір)	"	1	2
Қыз балалардың рейтуздары	"	1	1
Қол орамалдар	"	4	1
Ер балалар шалбарының белбеуі	"	1	2
Жазғы бас киім	"	1	2
Қысқы бас киім	"	1	3
Жартылай жүннен тоқылған шарф	"	1	3
Қолғап (биялай)	жұп	2	1
Қыз балалардың бюстгальтерлері	дана	3	2
Трусилер, майкалар	жұп	2	1
Спорттық киім	жиынтық	1	2
Кроссовкалар	жұп	1	1
Мақта-матадан тоқылған ұйық, гольфтар	жұп	3	1
Бәтеңкелер, туфлилер	"	2	1
Жүннен тоқылған ұйық, гольфтар	"	2	1
Шәркейлер	"	1	1
Түнгі көйлек, пижама	дана	2	2
Колготкилер	"	2	1
Жұмыс костюмдері	жиынтық	1	1
Жұмсақ мүкәммал			
Ақ жайма	дана	3	3
Көрпе тысы	"	3	4
Жастықтың сыртқы тысы	"	3	3
Жастықтың ішкі тысы	"	1	5
Сүлгі (аяқ сүртетін сүлгіні қоса алғанда)	"	3	1
Түкті сүлгі	"	1	2
Жүннен, мақтадан жасалған көрпе	"	1	6
Бәйкі көрпе	"	1	5
Матрац	"	1	8
Мамық қауырсынды жастық	"	1	8
Төсек жапқыш	"	1	6

Б і л і м с а л а с ы н д а а р н а у л ы  
ә л е у м е т т і к қ ы з м е т т е р  
к ө р с е т у с т а н д а р т ы н а  
3-қосымша

**Балалар үйлерінде және интернат ұйымдарында тәрбиеленуші балалар, орта арнаулы музыка және көркем сурет мектептерінде оқитын балалар, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының студенттері, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балалар үшін тамақтандыру нормалары**

Атауы	Бір адамға арналған норма (күніне граммен)	
	мектепке дейінгі	мектептік
1	2	3
Тағамдар		
Қара бидай наны	60	150
Бидай наны	100	200
Бидай ұны	35	35
Картоп ұны	3	3
Жарма, бұршак, макарон өнімдері	45	75
Картоп	300	400
Көкөніс және басқа түрі	400	470
Жас жемістер	260	250
Кептірілген жемістер	10	15
Шырындар	200	200
Кондитерлік өнімдер	25	25
Қант	55	70
Сары май	35	50
Өсімдік майы	12	18
Жұмыртқа (дана)	1	1
Сүт, ашытылған сүт өнімдері	500	500
Сүзбе	50	70
Ет	95	100
Құс еті	25	30
Балық және май шабақ	60	100
Шұжық өнімдері	10	25
Қаймақ	10	10
Ірімшік	10	12
Шай	0,2	0,2
Кофе	2	4
Какао	1	2
Тұз	8	8
Дәмдегіш	2	2
Ашытқы	1	1

## **Е с к е р т п е л е р :**

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке күндері, каникул күндері тамақтандыруға арналған шығыстардың нормасы 10 пайызға көбейтіледі.

2. Негізгі тағам өнімдері бойынша азық-түлікті ауыстыру кестесіне сәйкес жекелеген тамақ өнімдерін алмастыруды жүргізуге рұқсат етіледі.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарынан балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік және жоғары кәсіптік білім беретін оқу орындарына оқуға түсуге жіберген кезде оларға балалар үйлері мен мектеп-интернаттарды ұстауға бөлінетін қаражаттың есебінен жолда болу уақытына қызметтік іссапарлардың нормалары бойынша жол жүру мен тәуліктік шығыстары төленеді. Бұл ретте осы тәрбиеленушілер үшін тамақтандыруға арналған белгіленген шығыстар жүргізілмейді.

4. Барлық үлгідегі балалар үйлерінің, интернаттық ұйымдардың басшыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар каникул күндері, жексенбі, мереке күндері туыстарының немесе жекелеген азаматтардың отбасыларында болған уақытында, сондай-ақ ауырған кезеңде тамақтандыру мөлшеріне сәйкес азық-түлік немесе тағамның құны шегінде қолма-қол ақша беруге рұқсат етіледі.

5. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы түзету ұйымдарында оқитын (тұрмай) оқушылардың тамақтануына арналған шығыстардың ақшалай нормасы күніне бір оқушыға арналған тағам құнының 75 пайызы мөлшерінде белгіленеді.